

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

Өткен сәрсенбі күні, яғни, маусым айының 12-жұлдызында Приозерск қалалық мәслихаты VI шақырылымының XXXI сессиясы болып өтті. Оған қалалық мәслихат депутаттары, қаладағы мекемелер мен кәсіпорындар, ұйымдар басшылары және баспасөз өкілдері қатысты. Сессия төрағасы Ерік Тәткенұлы Балтышев сессияны ашып, оның күн тәртібімен таныстырды.



Приозерск қалалық мәслихаты VI шақырылымының XXXI сессиясы Приозерск қалалық мәслихаты VI шақырылымының XXXI сессиясында 2018-жылға арналған қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы есебі тыңдалып, Приозерск қаласы экономика және қаржы бөлімінің басшысы Наталья Михайловна Струментова баяндама жасады.

Екінші мәселе – қаладағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмасты

ашу барысында атқарылып жатқан жұмыстар туралы есебін бойынша Приозерск қаласы ішкі істер бөлімінің Жергілікті полиция қызметінің бастығы Нұрсұлтан Шәкірұлы Қасымның баяндамасы тыңдалды.

Қала аумағында эпизоотикалық тұрақтылықты сақтау мақсатында жүргізіліп отырған ветеринариялық-профилактикалық және диагностикалық іс-шаралардың орындалуы туралы Приозерск қаласының ветеринария бөлімінің басшысы Жанар Нәкенқызы Қасымбаева есеп берді.

«Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атқарып жатқан жұмыстары туралы есебі бойынша білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова баяндама жасады.

Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібіндегі «Приозерск қаласының



кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атқарып жатқан жұмыстары туралы есебіне орай осы мекеменің басшысы Ахан Жармаханұлы Жүсіповтың баяндамасы тыңдалды.

Сессияда бұлардан өзге әртүрлі мәселелер қаралып, тиісті қаулылар қабылданды. Осымен Приозерск қалалық мәслихаты VI шақырылымының XXXI сессиясы өз жұмысын аяқтады.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ
Суретте: сессиядан көріністер.
Суретті түсірген автор.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ӨРЕНДЕРІ

«Тәуелсіздік - сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі. Тәуелсіздік кешегі батыр бабалар өсиет еткеніндей, Қазақстанды қасық қаны қалғанда қорғау жолындағы әрбір азаматтың қайсар шешімі. Біз жүргізіп отырған сыртқы және ішкі саясат – халықтың даналығы. Қазақстанды өркендету жолындағы күллі жасапты шешімдердің даналығы. Халқымыздың асқақ абыройының, қонақжайлылығы мен кең пейілінің даналығы. Тәуелсіздік дегеніміз - бұл жалғыз ортақ еңбек. Ғылым қуып, білім іздеген оқушылар мен студенттердің еңбегі. Еліміздің ұлттық байлығын еселей түсетін бариша мамандық иелерінің еңбегі. Әрбір жас буынның жүрегіне Отанға деген шексіз сүйіспеншілік дарытатын қазақстандықтардың еңбегі».

Нұрсұлтан Назарбаев,
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті

«Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі дайындық сыныбының оқушылары биылғы 2018-2019 оқу жылын табысты аяқтады. Оның бір айғағы білім алуға талаптанған балғын сезімдегі сынып оқушылары ағымдағы оқу жылын «Тәуелсіздігім тұғырым!» атты ашық тәрбие сағатымен қорытындылады. Ашық тәрбие сағатының басты мақсаты - білім алуға талпынған жас жеткіншектерді отансүйгіштікке баулу, Тәуелсіз Қазақстанның тарихын білу және өз Отанын сүйуге тәрбиелеу болып табылады.



Аталған іс-шара ашық деп жарияланған кезде сынып оқушылары оң қолдарын жүрек тұсына апарып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын шырқап әкетті.

«Тәуелсіздігім тұғырым!» атты ашық тәрбие сағаты оқушылардың тақта алдында шаңырақ іспеттес шаттық шеңберін құру арқылы әдемі көріністе жалғасын тапты. Дөңгеленген ортада Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі тақырыбына арналған тақпақтар айтылды. Бір оқушы:

*Бабамның да арманы,
Осы еді зой аңсаған,
Тәуелсіздік таңдары,
Бақ береді баришаға.*

*Көк туымды қолыма,
Қолға берік ұстадым,
Түстім бақыт жолына,
Менің Қазақстаным!* – деп жеткізсе, екінші бірі:

*Тәуелсіздік ел мұраты,
Жас ұрпақтың болашағы
Ұялатып берік сенім,
Бағмызға жол ашады.
Тәуелсіздік мақтанашым,
Бізге бақыт сыйлаған*



*Бейбіт күнде мен тыныштып,
Әрбір таңым нұр маған.* – деп, тебіренген өзінің мақтаныш сезімін жеткізе білді.

Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңінде сынып оқушылары төрт топқа бөлінді. «Отан», «Қазақстан», «Тәуелсіздік», және «Астана» топтарындағы оқушылар сурет арқылы Тәуелсіз Қазақстанның тарихына жете үніліп, сұрақ-жауап арқылы өз ойларын ортаға салды. Тартысты кезеңде сынып оқушылары А.Сәндібек, М.Өмірзақ, А.Тұрғамбай және А.Жандәулет Тәуелсіз Қазақстанның тарихын кеңінен ашып, өз білгендерін терең мағынада жеткізе білді.

Заманауи интерактивтік тақтада оқушылардың қаламыздың Орталық кітапханасына жасаған саяхаты жайындағы бейнежазбасының көрсетіліміне шолу да жасалды.

Тақта алдында нәзік жанды Айсұлу Бақытжан, Асылай Егінбай және Жанель Жеңіс тақта алдында қазақтың «Күй» атты биін мың бұралта билеп әкетті. Келесі кезекте Отан туралы тақпақ айтуға жол берілді. Осы тақпақ айтуда сынып оқушылары асқан белсенділік таныта білді. Өз Отаны саналатын кең байтақ Тәуелсіз Қазақстанды өлең жолдарымен әдемі жеткізе білген сынып оқушылары қатарынан А.Елдосұлы, М.Өмірзақ, Н.Мұрат, С.Нұрғали, С.Садуахас, Ж.Жеңіс, А.Сәндібек, А.Егінбай, А.Бақытжан, Ж.Тыныс, Ә.Сүйінішбек, Ж.Қалым және А.Тұрғамбай есімдерін ерекше атаған жөн.

Жастайынан ән айтуға машықтанған дайындық сыныбының мақтанышы Айдос Елдосұлы «Астана» әнін орындап, ашық тәрбие сағатының көркін қыздыра түсті. Бұл әннің сөзі мен музыкасын қаламызға танымал талантты дарын иесі, әнші Марс Сулейменов ағамыз жазған еді. Талантты жас әнші Айдос орындаған «Астана» әні сынып оқушыларына жігер берді және олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік сезімді қалыптастыра білді.

Ашық тәрбие сағатының қорытындысында сынып оқушыларына Алтайдан Алатауға дейінгі ұлан-ғайыр жерді мекен еткен ата-бабаларымыздың еркіндікті арман еткенін, қазақтың ең даласын ақ найзаның ұшымен, сом білектің күшімен қорғаған батыр бабаларымыздың аманатын орындау үшін талай боздақтарымыздың жанкештілікке барғандығы туралы жеткізілді.

«Тәуелсіздігім тұғырым!» атты ашық тәрбие сағатының соңында оқушылар хормен бір кісідей кең тараған «Тәуелсіз ел ұраны!» әнін орындады.

Феруза Тилегенова,
дайындық сыныбының жетекшісі,
«Приозерск қаласының №1 жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ




ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА

2019 ЖЫЛ ЖАСТАР ЖЫЛЫ БОЛЫП ЖАРИЯЛАНАДЫ



Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек



Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуда тиіс



Бойскаут қозғалысы сияқты «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құрып, мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің рөлін күшейткен жөн

«ӨЗ ЖЕРІНДІ ТАНЫП БІЛ» жаңа бастамасы аясында еліміздің өңірлері бойынша жаппай мектеп туризмін қайта жаңғырту керек





**РУХАНИ
ЖАҒЫРУ**

Приозерск қалалық білім бөлімінің ұйымдастырумен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында қалалық «Абай оқулары» өткізілді.

Абай оқуларының негізгі мақсаты мен міндеті: мектеп оқушылары арасында Абай, Шәкәрім шығармаларын насихаттау; олардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тұлғалық сезім мәдениетін дамыту; ұлылар поэзиясына, рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

«Абай оқулары» қалалық байқауына жалпы білім беру ұйымдарынан 5-10 сынып оқушылары арасынан 25 үміткер қатысты.

Сайыс 4 номинация бойынша өткізілді. Олар:

1-номинация «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы – Абай және Шәкәрім шығармаларын оқу конкурсы;

2-номинация «Көңілім әнді ұғады»

**ҚАЛАЛЫҚ «АБАЙ ОҚУЛАРЫ»
БАЙҚАУЫ ӨТТІ**

номинациясы - Абай мен Шәкәрімнің әндері мен күйлерін орындау;

3-номинация «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы-оқушылардың өз шығармаларын орындау;

4-номинация «Ұлылар әлемі» номинациясы- Абай және Шәкәрім еңбектеріне эссе.

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы»

номинациясы бойынша бірінші орынды Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебінің 7 сынып оқушысы Айдархан Қарлыби және ШІ-орынды Раджапбай Ақерке иеленді. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы бойынша І орын Мирзабай Дархан және №2 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы Өтеміс Мөлдір 2 орынды иеленді.

«Көңілім әнді ұғады» номинациясы бойынша І орынды Бегазықызы Мәдина, ІІ орын Тауғанова Алуа және ШІ орын Сайлыбай Ботақозге берілді. «Ұлылар әлемі» номинациясы бойынша І орынды Қосыбаева Әлия, ІІ орын Исаева



Айдана, ШІ орынды Жайлыбай Сымбат иеленді. Байқау жеңімпаздары құрмет грамоталарымен марапатталды. Сайыстан бірінші орынға ие болған байқау жеңімпаздарына облыстық байқауға жолдама берілді.

Приозерск қалалық білім бөлімі

СӘТ САПАР, ЖАС ТҮЛЕК!

Қаламыздағы №2 жалпы білім беретін мектепте 12-маусым – сәрсенбінің сәтті күнінің кешінде «Сәт сапар, жас түлек!» атты орта білім алғаны туралы аттестат тапсыруға арналған салтанатты кеш болып өтті.



Бүгінгі күн әрбір жас түлектің жүрек түкпірінде мәңгі сақалып қалатын мектеп өміріндегі соңғы салтанаты әрі қимас сәт болмақ. Сонымен қатар биылғы жыл – Қазақстан жылнамасында «Жастар жылы» болып бекітілді. Әрине, бұл жастарға берілген үлкен мүмкіндік әрі соны серпін. Салтанатты кешке түлектердің ата-аналары мен жақын-жуықтары, құрметті қонақтар ретінде қала әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева, қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кенесқызы Қасымова, 60601 әскери бөлімі командирінің орынбасары подполковник Дәурен Нариманұлы Бейсеков және баспасөз өкілі қатысты.

Жүргізілер тарапынан арналған жыр шашумен биылғы бітіруші түлектер ІІ-«А» сыныбының жетекшісі Мұхан Сәбитұлы Медешов пен ІІ-«Б» сыныбының жетекшісі Еңлік Жалғасқызы Жабағиеваның соңынан соңғы рет еріп, салтанатпен ортаға шақырылды. Қала әкімінің орын-

басары Б.Ә.Қазиева, 60601 әскери бөлімі командирінің орынбасары подполковник Д.Н.Бейсеков және ата-аналар құттықтау сөз сөйледі. Мектептің атынан Жадыра Сәттібекова «Ұстазым менің, ұстазым» әнін мектеп бітіруші түлектерге

арнады. Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары Жанар Жарылқасынқызы Былғарбек мектеп дирек-



торының мектепті бітіру бойынша аттестат тапсыру туралы бұйрығын оқып, мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы Алтынбекова бітірушілерге орта білім алғандығы туралы аттестаттарын салтанатты түрде табыс етті.

Бітірушілер арасынан жас түлектерден Әсел Әлібай «Алтын белгіге», Айнұр Ақылгереева «Қызыл аттестатқа» ие болды. 60601 әскери бөлімі командирінің орынбасары подполковник Д.Н.Бейсеков мектеп түлектері, «Айбын» әскери патриоттық клубының белсенді мүшелері Азат Әбдіхалықов пен Абдулкарим Ергешовты «Айбын»



соңғы вальс биін биледі. Осылайша №2 мектептен биылғы жылы 18 жас түлек болашақ өмірдің басқышына қадам басты.

Енді оларды Ұлттық біріңғай тестілеу сынағы және одан әрі студенттік алтын дәуірдің жұмбақ әлемі күтулі.



клубының дипломдарымен марапаттады. Салтанатты кеш соңында жас түлектер мектеп қабырғасындағы

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ.